

**Дәрілік заттардың сапасы мен қауіпсіздігін бақылау жөніндегі
нормативтік-техникалық құжаттарды құрастыру ережесін бекіту туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2008 жылғы 28 наурыздағы N 159 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 21 сәуірде Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5190 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 19 қарашадағы N 754 Бұйрығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009.11.19 N 754 бұйрығымен.

Қолданушылардың назарына!!!

Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз.

" Дәрілік заттар туралы " 13 қаңтарының 2004 жылғы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру, дәрілік заттардың сапасы мен қауіпсіздігін бақылауды қамтамасыз ету, сондай-ақ дәрілік заттардың сапасын регламенттейтін нормативтік құжаттарды стандарттау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Дәрілік заттардың сапасы мен қауіпсіздігін бақылау жөніндегі нормативтік-техникалық құжаттарды құрастыру ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Фармацевтикалық бақылау комитеті (Баймұқанов С.А.) осы бұйрықтың заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі Қ.Т. Омаровқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---------------------|-------------------------|
| <i>Министр</i> | <i>А. Дерновой</i> |
| Қ а з а қ с т а н | Р е с п у б л и к а с ы |
| Д е н с а у л ы қ | с а қ т а у |
| 2 0 0 8 | ж ы л ғ ы |
| 2 8 | н а у р ы з д а ғ ы |
| № 1 5 9 | б ұ й р ы ғ ы м е н |
| б е к і т і л г е н | |

Дәрілік заттардың сапасы мен қауіпсіздігін бақылау жөніндегі нормативтік-техникалық құжаттарды құрастыру ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Дәрілік заттардың сапасы мен қауіпсіздігін бақылау жөніндегі нормативтік құжаттарды құрастыру ережесі (бұдан әрі мәтін бойынша - Ереже) дәрілік заттардың сапасы мен қауіпсіздігін бақылауға талаптарды белгілейтін нормативтік құжаттарды құрастыруға, сондай-ақ өзгерістер енгізуге бірыңғай талап қояды, талдамалық нормативтік құжатты және уақытша талдамалық нормативтік құжат құрастыруға қолданылады.

2. Осы Ереженің талаптары дәрілік затты Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркеуге /қайта тіркеуге ұсынушы өндірушілерге, олардың сенімді тұлғаларына (бұдан әрі - өтініш иесі) қолданылады.

3. Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) талдамалық нормативтік құжат (бұдан әрі мәтін бойынша - ТНҚ) - дәрілік зат өндіруші кәсіпорынның сапа нормаларының, сериясына қарамастан, дәрілік заттың бірдей қауіпсіздігі мен тиімділігін қамтамасыз ететін оларды анықтау әдістемелерінің кешенін, сондай-ақ оны өндірудің тұрақтылығы мен біркелкілігін белгілейтін құжат;

2) уақытша талдамалық нормативтік құжат (бұдан әрі мәтін бойынша - УТНҚ) - жаңа дәрілік заттардың алғашқы өнеркәсіптік (қондыру) серияларына әзірленетін талдамалық нормативтік құжат;

3) топтық ыдыс - тұтынушы қаптамасында дәрілік препараттардың белгілі санын біріктірген ыдыс;

4) өтініш иесі (тіркеу куәлігі иесі) - дәрілік затты өндіретін және сапасы, қауіпсіздігі мен тиімділігін қамтамасыз ететін заңды тұлға. Өтініш иесі ретінде Қазақстан Республикасындағы оның сенімді өкілі немесе өкілдігі бола алады;

5) дәрілік заттың сапасы мен қауіпсіздігін бақылау жөніндегі нормативтік-техникалық құжат - дәрілік заттың сапа нормаларының, сериясына қарамастан, дәрілік заттың бірдей қауіпсіздігі мен тиімділігін, сондай-ақ оны өндірудің тұрақтылығы мен біркелкілігін қамтамасыз ететін анықтау әдістемесі жиынын белгілейтін, дәрілік затты мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу, оның тіркеу құжаттар жинағына өзгерістер енгізу кезінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Фармацевтикалық бақылау комитеті берген нөмірімен өндіруші ұйым бекіткен құжат. Оған Қазақстан Республикасының Фармакопоялық құжаты (бұдан әрі мәтін бойынша - ҚР ФҚ), АТҚ және УТНҚ жатады.

6) тұтынушы қаптамасы - тұтынушыға дәрілік препараттармен келіп түсетін және тасымалдау қаптамасы қызметін атқармайтын қаптама.

Тұтынушы қаптамасына бірінші және екінші қаптама кіреді: бірінші (ішкі) қаптама - материалдары дәрілік затпен тікелей байланыста болатын немесе сауыт қаптаманың басқа түрі; екінші қаптама (сыртқы) - бірінші қаптамадағы дәрілік зат салынатын контейнер немесе қаптаманың басқа түрі.

Қаптама белгіленген мерзім бойы дәрілік зат сапасының сақталуын қамтамасыз етуі тиіс;

7) дәрілік заттардың және бөтен қоспалардың стандартты үлгісі - заттек немесе сыналатын дәрілік заттың сапасын салыстыруға арналған заттектің физикалық, химиялық, биологиялық және басқа да қасиеттерімен белгіленген қоспалары;

8) сапа спецификациясы - сапа көрсеткіштерінің тізбесінен және олардың ауытқу нормаларынан, сондай-ақ сынақ әдістеріне сілтеме жасаудан тұратын құжат;

9) ТНҚ (УТНҚ) сараптау - құжаттың заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілердің міндетті ережелері мен талаптарына және құжаттарға (фармакопедияда қолданылатын, технологиялық регламенттерге, стандарттарға және Қазақстан Республикасы Стандарттау және сертификаттау мемлекеттік жүйесі құжаттарына) сәйкес келуі, сондай-ақ осы Ереженің талаптарына сәйкес келуі дәрежесін бағалау.

4. Осы ереженің талаптары:

- 1) Қазақстан Республикасының Фармакопедиялық құжаттарына;
- 2) дәрілік заттар өндірісінде жартылай өнім алу үшін қолданылатын табиғи текті дәрілік шикізатқа;
- 3) медициналық иммунобиологиялық препараттарға, донор қаны мен оның компоненттеріне;
- 4) дәріхана жағдайында жасалатын дәрілік түрлерге қолданылмайды.

5. Дәрілік заттың өтініш иесі әзірлеген ТНҚ (УТНҚ) зияткерлік жеке меншіктің объектісі болып табылады.

6. ТНҚ (УТНҚ), соның ішінде баламалы сапа көрсеткіштерінің тізбесінен және дәрілік заттың сапасын бақылауды сынау әдістемесінен тұруы тиіс және мыналардың:

- 1) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Фармакопедиясының (бұдан әрі мәтін бойынша - ҚР МФ);
- 2) Қазақстан Республикасы аумағында жұмыс істейтін деп танылған шетелдік фармакопедиясының;
- 3) мемлекеттік стандарттар, техникалық регламенттер және сапа көрсеткіштерін, сынақ әдістемелерін, сондай-ақ қаптама, таңбалау және дәрілік

затты тасымалдауды регламенттейтін басқа да стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес әзірленуі тиіс.

7. ТНҚ (УТНҚ) енгізілген сапа көрсеткіштері ҚР МФ талаптарынан төмен болмауы тиіс.

8. ТНҚ (УТНҚ) өндірілетін дәрілік заттың сапасын қамтамасыз етуі тиіс, экономиканың дамуын, материалдық-техникалық базаның және мемлекеттің ғылыми-техникалық дамуының деңгейін, медициналық, фармацевтикалық, химиялық және басқа ғылымдардың жаңа жетістіктерін, сондай-ақ негізгі шетелдік фармакопеяның дәрілік заттардың қауіпсіздігін, тиімділігін және сапасын қамтамасыз ету саласындағы халықаралық алдыңғы қатарлы ұйымдардың принциптерін ескере отырып, уақтылы қайта қаралуы тиіс.

9. ТНҚ қолдану мерзімі нақты өндірістің технологиялық деңгейіне байланысты белгіленеді, бірақ бес жылдан аспайды.

10. УТНҚ қолдану мерзімі өндірістің технологиялық процесті жасау дәрежесіне байланысты белгіленеді, бірақ үш жылдан аспайды.

11. Дәрілік субстанцияға және оны құрайтын жаңа дәрілік препараттарға АНҚ бір мезгілде әзірленуі тиіс.

12. Дәрілік заттарға ТНҚ (УАНҚ) негізгі бөлімдердің тізбесі, сондай-ақ олардың дәрілік түріне байланысты жазылу реті осы Ережеге 1-қосымшада келтірілген.

13. Гомеопатиялық дәрілік препараттарға АНҚ (УАНҚ) құрамына және дәрілік түріне байланысты әзірленеді.

14. Дәрілік заттың өтініш иесі АНҚ (УАНҚ) мазмұнына және техникалық-экономикалық негізделуіне және оларға өзгерістердің, ғылым, техника мен өндіріс дамуының деңгейі қазіргі заман талаптарына сәйкес келуін, сондай-ақ оларды қайта қарауды уақтылы ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

2. ТНҚ (УТНҚ) құрастыру тәртібіне қойылатын жалпы талаптар

15. Өтініш иесі дәрілік препаратқа ТНҚ (УТНҚ) саудалық атауымен, дәрілік субстанцияға халықаралық патенттелмеген атауымен (бұдан әрі - ХПА) (бар болғанда) әзірлейді.

16. ТНҚ (УТНҚ) мынадай құрылымдық элементтерден:

1) тиісті келетін бөлімдер бойынша дәрілік затты сынау әдістемесін сипаттаудан;

2) осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес ресімделген сапа спецификациясынан;

3) осы Ережеге 3 және 4-қосымшаларға сәйкес ресімделген титульдік және соңғы парақтан тұруы тиіс.

17. ТНҚ (УТНҚ) бөлімдерінде келтірілген ақпарат ҚР МФ талаптарына сәйкес келуі тиіс. Осы талаптардан ауытқу түсіндірме хатта көрсетіледі.

18. Мәтінде бөлімдерді нөмірлеу көрсетілмейді, жеке бөлімдер біріктірілуі мүмкін және қажет болған жағдайда, қосымша бөлімдер енгізілуі мүмкін. Бөлімде реактивтерді, сыналатын ерітінділерді, салыстыру ерітінділерін дайындау әдістемесі, хроматографтау және соған ұқсас жағдайлар сипатталады, бөлімнің бас тақырыбы курсивпен көрсетіледі.

19. Мәтінде дәрілік заттың сапасына талаптар - бұйрық рай түрінде, ал сынау әдістемелері - үшінші жақта көпше түрде баяндалу керек.

20. Нормативтік құжаттың қолданылатын стандарттық үлгілерге тағайындалуын, түрін, санатын, тиісті тізілім бойынша нөмірін немесе белгісін көрсету керек.

21. Қолданылатын реактивтер мен материалдарға дәрілік заттарды сынау әдістемелерін сипаттағанда стандарттардың белгілері немесе олардың техникалық жағдайларын регламенттейтін (біліктілік, түрі, маркасы), сондай-ақ кәсіпорынның атауы және өндіруші елі көрсетілуі тиіс.

22. Қолданылатын өлшеуіш ыдыстың сыйымдылығы көрсетіледі.

23. Сынақ әдістемелері, оларды жүргізу ерекшелігі мен шарттарын қоса, толығымен сипатталуы тиіс.

24. Есеп формулалары толық және қысқартылған түрде, оларда көрсетілген физикалық мәндерді түсіндірілуі тиіс. Физикалық көлемдерді көрсету осы Ережеге 5-қосымшаға сәйкес келтірілуі тиіс.

25. ТНҚ (УТНҚ) көрсетілген физикалық шамаларды өлшеуде Бірліктердің халықаралық жүйесі (БЖ) және онымен тең дәрежеде қолдануға болатын бірліктер қолданылуы тиіс.

26. Мәтін қысқа, қайталаусыз баяндалуы тиіс, әртүрлі түсінік беру мүмкіндігін болдырмайтын, тең дәрежедегі нақтылығымен және әріптердің, сандардың, белгілер мен сызықтардың айқындығымен қамтамасыз етілуі тиіс.

27. Мәтіндегі сөздерді, сурет, кестелер мен басқа да көрнекілер астындағы жазуларды, ҚР МФ және басқа да мемлекеттік стандарттармен белгіленген қысқартуларды қоспағанда, қысқартуға болмайды.

28. Міндетті талаптарды, сынақ нормалары мен әдістемелерін баяндауда мәтінде "тиіс", "керек", "қажет" және олардан шыққан сөздер қолданылады.

29. Сызбанұсқаларда, суреттерде және көрнекілерде сызықтың ең кішкене қалыңдығы, тесіктер, сан өлшемдері, графикалық кескіндердің айқындығы сақталуы тиіс.

30. Егер ТНҚ (УТНҚ)-да келтірілген талаптар, нормалар және сапа көрсеткіштерінен ауытқу ҚР МФ немесе мемлекеттік стандарттармен белгіленген болса, онда дәрілік зат сапасының спецификациясында оларды қайта сипаттаудың орнына дереккөзге сілтеме жасау керек. Шетелдік фармакопея

белгілеген сапа көрсеткіштерінің талаптары мен нормаларын келтірген кезде пайдаланылған әдістемелердің дереккөзін көрсете отырып, сипатын ұсыну керек.

31. Қолданылатын ғылыми-техникалық терминдер, белгілер мен анықтамалар ҚР МФ және/немесе басқа мемлекеттік стандарттарға сәйкес келуі тиіс. Олар белгілемеген терминдер мен белгілерді қолданған кезде мәтінде олардың анықтамасын келтіру қажет.

3 2 . М ә т і н д е :

- 1) сөз орамдарын, тұрмыстағы сөйлемшелерді қолдануға;
- 2) бір ұғымға мағынасы бойынша (синонимдер) жақын ғылыми-техникалық терминдерді, сонымен қатар мемлекеттік және орыс тілдерінде тең мағынадағы сөздер мен терминдер бар болғанда шет тілінен алынған сөздерді қолдануға;
- 3) өлшем бірліктерін белгілеуді қысқартуға (егер олар сансыз қолданылатын болса);
- 4) сөздерді әріптік символдармен ауыстыруға (кестелер мен формулаларды қоспағанда);
- 5) математикалық белгілерді сансыз қолдануға рұқсат етілмейді.

33. ТНҚ (УТНҚ) қағаз және электронды тасымалдағыштарда берілуі тиіс. Қағаз варианты ақ қағазда А4 форматымен, Microsoft Word бағдарламасында ("Times New Roman" шрифті) беттің бір жағында ұсынылады. ТНҚ (УТНҚ) электронды нұсқасы Microsoft Word бағдарламасында RTF форматында беріледі.

34. ТНҚ (УТНҚ) және беттерді белгілеу айналы шеттерде басылған колонтитулаларда орындалады.

3 5 . Б е т т і ң п а р а м е т р л е р і :

- 1) төменгі және жоғарғы шеті әрқайсысы 2,5 см ден, ішкі 2; сыртқы 2,5 см;
- 2) шеті мен колонтитулалардың арасындағы параметрлері: жоғарғы және төменгі - 1,8 см;
- 3) беттің жоғарғы бөлігінің колонтитуласында жартылай қалың шрифтпен құжаттың санаты көрсетіледі (ТНҚ немесе УТНҚ), нөмірі және сол жақ жұп бетте орналасатын бет нөмірі, ал тақ бетте оң жағында;
- 4) абзац жол барлық мәтін бойынша бірдей және 1 см-ге тең болуы тиіс;

36. Бөлімдердің атауы жол басынан басталады және жартылай қалың шрифтпен көрсетіледі.

37. Титульдік беттегі дәрілік заттың атауын жартылай қалың шрифтпен көрсету керек.

3 8 . Ш р и ф т і ң м ө л ш е р і :

- 1) бас тақырыпқа - 14;
- 2) дәрілік заттың атауына және негізгі мәтінге - 14;
- 3) ТНҚ (УТНҚ) атауына - 16;
- 4) ескертпедегі мәтінге - 12;

39. Жолдардың аралығы былай белгіленеді:

- 1) негізгі мәтін - бір жарым;
- 2) бөлімдердегі және ескертпедегі мәтінге - бір;
- 3) бас тақырыптарында, дәрілік заттың атауында және сандық және сапалық құрамын сипаттағанда - бір атаудағы жолдар арасында бір және әртүрлі атаулар келтірген кезде бір жарым.

3. Дәрілік субстанцияға ТНҚ (УТНҚ) құрастыру тәртібі

40. Дәрілік субстанцияға ТНҚ (УТНҚ) титульдік беті осы Ережеге 3-4 қосымшаларға сәйкес ресімделеді және құрамында:

- 1) субстанцияның латын, мемлекеттік және орыс тілдеріндегі атауы (егер субстанцияның мемлекеттік тілдегі атауы орыс тіліндегі жазылуына сәйкес келсе, бір атауды жазуға болады);
- 2) халықаралық патенттелмеген атауы (бар болғанда);
- 3) кәсіпорынның және өндіруші елдің атауы болады;

41. Титульдік беттен кейінгі келесі бетте:

- 1) Теориялық және қолданбалы химия бойынша халықаралық одағының ережелеріне сәйкес келтірілген химиялық атауы және құрылымдық формуласы (ИЮПАК) (беттің ортасына, субстанция атауының төменгі жағына орналастырылады);
- 2) эмпирикалық формуласы (төмен және құрылымдық формуланың сол жағында орналастырылады);
- 3) салыстырмалы молекулярлық массасы (төмен және құрылымдық формуланың оң жағында орналастырылады) көрсетіледі.

42. Бейорганикалық тұздардың химиялық атауында ең бірінші катионның атауы ілік септікте жазылады, екінші - анион атау септікте жазылады. Аниондардың латын тіліндегі атаулары - *as* жұрнақтары арқылы, құрамында оттегі бар қышқыл тұздарында - *is* және оттексіз қоспаларда - *idum* жұрнағымен жасалады.

43. Оксидтерді белгілеу үшін халықаралық атаулар қолданылады.

44. Органикалық негіздегі тұздардың химиялық атауында бірінші негіздің ашық атауы ілік септігінде, екінші - қышқыл немесе қышқылдық қалдық атау септігінде жазылады.

45. Кейбір пиразолон, оксазолидан түріндегі гетероциклдық қосылыстарда, сондай-ақ алмастырылған спирттерде (левомецетин, терпингидрат) функционалдық қалдықты белгілеу үшін химиялық атаудың соңында бірге жазылады, сандық көрсеткіштер атаудың соңына жазылады.

46. Құрамында гидрленген циклдық жүйелер бар қосылыстардың құрылымдық формулалар кескіндерінде CH_2 және CH көрсетілмейді.

47. Төрттік тұздарда оң заряд жақшада емес, заряд беретін атомға қойылады.

48. Қаныққан көмірсулы тізбектер ашық жазылады, CH_2 тобы валенттік штрихпен бөлінеді. Егер тізбекте төрт метилен топтан артық болған жағдайда, тізбек буындары жақшаға алынады.

49. Карбон қышқылдарының функционалдық топтары және олардың туындылары айқын бейнеленеді.

50. Эмпирикалық формулада көміртек бірінші жазылады, екінші - сутегі, қалған элементтер металдарды қоса алфавиттік ретімен жазылады.

51. Салыстырмалы молекулярлық масса ИЮПАК (1975 жыл) қабылдаған теориялық және қолданбалы химия бойынша халықаралық одағының салыстырмалы атомдық массамен есептеледі және екінші белгіге дейін үтірден кейін 400-ден аспайтын мағыналар үшін және үтірден кейін бірінші белгіге дейін - 400 ден асатын мағыналар үшін келтіріледі.

52. Дәрілік субстанция сапасының спецификациясы оның табиғатымен және физикалық-химиялық қасиеттерімен анықталуы тиіс.

53. "Сипаттама" бөлімінде сыртқы түрінің көрсеткіштері (физикалық жағдайы, түсі, иісі, дәмі), ауада, жарықта (сақтау кезіндегі болуы мүмкін өзгерістер гигроскопиялығын көрсету жарықтың және ауаның әсеріне қатысы) және соған ұқсастар белгіленеді. Дәмді, сонымен қатар иісті сипаттауды улы және уытты заттарға қоспау керек.

54. Түсті көзбен немесе аспаптардың көмегімен анықтайды, бұл ретте түстің негізгі реңкі анықтаудың соңына қойылады.

55. "Ерігіштік" бөлімінде полярлығы бойынша әртүрлі еріткіштерде: тазартылған суда, 96% этил спиртінде, хлорформада - дәрілік субстанцияның ерігіштік көрсеткіштерін көрсетеді. Қажет болған жағдайда, басқа да еріткіштер көрсетіледі. Тез қайнайтын және тез жанатын немесе өте уытты еріткіштерді қолдану ұсынылмайды. Егер дәрілік субстанцияның ерігіштік коэффициентінің мәні белгіленген болса, бұл жағдайда ол еріген заттың және еріткіш көлемінің салмағы мен арақатынасы түрінде келтіріледі.

56. "Сәйкестендіру" бөлімінде талдаудың физикалық немесе физика-химиялық әдістері көрсетіледі, қажет болған жағдайда қолданыстағы затқа арналған барынша ерекшелікті 2-3 сапалы реакция жүргізеді, бұл ретте оларды байқау үшін жүргізілген реакциялардың функционалдық топтары немесе қосылыстары көрсетіледі.

57. Қайнау температурасы немесе тазартудың қызу шегі, балқу, қату температурасы, салыстырмалы тығыздығы, салыстырмалы оптикалық айналымы, салыстырмалы сіңіру көрсеткіші, сыну көрсеткіші және басқа да физикалық константалар жеке бөлімдер түрінде келтіріледі, онда жоғарғы және төменгі ауытқу көрсеткіштері сәйкес өлшем бірліктерінде көрсетіледі.

58. "Мөлдірлік" және "Түсі" бөлімдерінде көрсеткіштерді ерітінділердің белгілі концентрациясы үшін көрсетеді. Боялған ерітінділер жағдайында түс эталонының нөмірі және шкала әрпі немесе сәйкес келетін осы ерітінділерді сіңіру ауқымы келтіріледі; егер бұлдырлықтың белгілі бір дәрежесі болса, онда бұлдырлық эталоны көрсетіледі.

59. "Қышқылдық немесе сілтілік" бөлімінде көрсеткіштерді нормалау индикаторлар бар болғанда қышқыл ерітінділерінің көмегімен немесе сілтілер 0,01 М-дан 0,1 М-дейін концентрациясымен жүзеге асырылады. "рН" бөлімінде сутек көрсеткішті анықтау потенциометриялық әдіспен жүргізіледі.

60. "Механикалық қосылулар" бөлімінде механикалық қосылулардың шамалы нормалары әдістемесін сипаттау келтіріледі. Бөлім парентералды ерітінділерді және көз дәрілік препараттарын дайындауға қолданылатын субстанциялар үшін енгізіледі. Әдетте тексеру тиісті дәрілік препараттарға қолданылатын ең жоғарғы концентрацияда жүзеге асырылады.

61. "Ұқсас қоспалар" бөлімінде технологиялық сипаттағы қоспалардың құрамындағы шамалы нормалар мен анықтау әдістемесі немесе сақтау процесінде пайда болатын қоспалар келтіріледі. Нормалауға құрамында жалғыз анықталған қоспалар, құрамында жалғыз анықталмаған қоспалар және қоспаның жалпы құрамы жатады. Шамалы қоспалардың санын нормалауға пайдаланылатын түс эталоны, осы мақсатта қолданылатын әдістемелер толық сипатталып көрсетілуі тиіс.

62. "Қалдық органикалық еріткіштер" бөлімі дәрілік субстанцияны өндірудің соңғы сатысында уытты еріткіштерді қолданған жағдайда енгізіледі.

63. "Хлоридтер", "Сульфаттар" бөлімдерінде өндіріс технологиясымен байланысты хлоридтер мен сульфаттардың құрамының шамалы шектері, немесе олардың болмауына талаптар көрсетіледі.

64. "Сульфатты күл және ауыр металдар" бөлімінде дәрілік субстанцияның ілмесі және сульфатты күл мен ауыр металдар қоспаларының шамалы шектері көрсетіледі.

65. "Күшән" бөлімінде күшән қоспасының шамалы шегі немесе оның болмауына талаптар келтіріледі.

66. "Кептірген кезде салмақ жоғалту" және "Су" бөлімінде дәрілік субстанцияның ілмесі, К. Фишер бойынша титірлеу соңын анықтау әдістемесіне жасалған сілтеме, кептіру шарттары және кептіру кезіндегі массаны жоғалту нормалары немесе ылғал құрамы көрсетіледі.

67. "Микробиологиялық тазалық" бөлімі зарарсызданбаған дәрілік нысандарда өндіруге арналған дәрілік субстанциялар үшін енгізіледі. Бөлімде микроорганизмдерді анықтау әдістемесі және олардың шамалы шектері көрсетіледі.

68. "Пирогендер", "Аномальды уыттылық", "Құрамында гистамин тәрізді әсері бар зат" бөлімдерінде тест-дозалар, жануарлардың түрлері, енгізу тәсілі және бақылау мерзімі көрсетіледі.

69. "Бактериальды эндотоксиндер" бөлімі "Пирогендер" бөлімінің орнына немесе қатар енгізілуі мүмкін. Бактериальды эндотоксиндердің шекті мөлшері көрсетіледі және олардың анықтау әдістемесі келтіріледі.

70. "Зарарсыздану" бөлімі зарарсыздандыру шарасына жатпаған, зарарсыз дәрілік препараттарды өндіруде қолданылып жүрген субстанцияларға арналып енгізіледі. Бөлімде дәрілік субстанцияның бактерияға қарсы әсерінің болуы немесе болмауы көрсетілуі міндетті.

71. "Мөлшерлік анықтау" бөлімінде дәрілік субстанциядағы әсер етуші заттың мөлшерін анықтау әдісін сипаттау келтіріледі. Дәрілік субстанциядағы әсер етуші заттың шекті мөлшері массалық үлес (пайыз) бірлігінде немесе белсенділігі - миллиграмға (БІР/МГ) әсер ету бірлігінде беріледі.

72. "Қаптау" бөлімінде:

1) қаптама (бірінші, екінші, тасымалдау) бірлігіндегі өнімнің санына байланысты қаптау әдісі;

2) тығыздау тәсілі (тығыздау, герметизациялау түрлері мен тәсілдері);

3) бірінші, екінші және тасымалдау қаптамаларына және/немесе қаптамаға қолданылатын материалдарға қойылатын талаптар;

4) қаптаманың түрі (шыны, картонды-қағазды, пластмассалы, металдық және тағы басқа);

5) нормативтік құжатқа сүйене отырып, қаптау материалының сипаты;

6) тұтынушы ыдыс бірлігіне таңбалауды (жапсырма, мөртаңба, трафарет, баспа, рельеф арқылы) енгізу тәсілі;

7) қаптамаға салынатын құжаттар тізбесі көрсетіледі.

73. "Таңбалау" бөлімінде:

1) таңбалау жасалатын орны;

2) таңбалаудың мазмұны;

3) арнайы қауіпсіздік талаптары (от пен жарылуға қауіпті және тағы басқа) және тасымалдау, сақтау және қажет болған жағдайда (ескерту жазулары "У", "Отқа қауіпті", "Тастауға болмайды", "Мұздатуға рұқсат етілмейді" және сол сияқтылар) қолдану кезіндегі қауіпсіздік шаралары көрсетіледі.

74. "Тасымалдау" бөлімінде қолданыстағы стандартқа сүйену келтіріледі немесе тасымалдаудың өзге шарттары және, қажет болған жағдайда, жүкті салу және түсіріп алу ерекшеліктеріне, сондай-ақ тасымалдаудан кейінгі өнімді қолдануға қойылатын талаптар көрсетіледі.

75. "Сақтау" бөлімінде өнімнің сапасы мен тауарлық түрін қамтамасыз ететін сақтау шараларын, қажет болған жағдайда, сақтау орнын, қоршаған орта әсерінен

сақтау талаптарын көрсету керек.

Осы бөлімді мынадай ретте жазу ұсынылады: сақтау жері, сақтау шарттары, қажет болған жағдайда, дәрілік заттардың жеке топтарын сақтаудың арнайы талаптары.

Температуралық сақтау тәртібін көрсетуде "Салқын жерде", "Бөлмелік температурада" және сол сияқты жазбаны қолданудың қажеті жоқ, температура шегінің сандық белгілері көрсетілуі қажет.

76. "Сақтау мерзімі" бөлімінде уақыт кезеңі көрсетіледі, сол уақытта дәрілік затты белгілі жағдайда сақтау талдамалық нормативті құжаттама талаптарына сәйкес келуі тиіс.

77. "Фармакологиялық әсері" бөлімінде дәрілік субстанцияның негізгі фармакологиялық әсері келтіріледі.

4. Дәрілік препаратқа ТНҚ (УТНҚ) құрастыру тәртібі

78. Дәрілік препаратқа ТНҚ (УТНҚ) титульдік және соңғы беті осы Ережеге 3 және 4-қосымшаларға сәйкес ресімделеді және мыналардан:

1) дәрілік препараттың мемлекеттік және орыс тілдеріндегі атауынан (егер дәрілік препарат атауының мемлекеттік тілде жазылуы орыс тіліндегі жазуымен бірдей болған жағдайда, бір атауының жазылуы рұқсат етіледі);

2) бір әсері бар затымен (бар болғанда) дәрілік препаратқа арналған халықаралық патенттелмеген атауынан;

3) кәсіпорынның және өндіруші елдің атауынан тұрады.

79. Дәрілік өсімдік шикізаттан жасалған препараттардың (тұнба, экстрактар) титульдік бетінде өсімдік шикізатын өндіретін өсімдіктің және ұрығының атауы латын, мемлекеттік және орыс тілдерінде көрсетіледі.

80. Дәрілік препараттың атауына тауарлық атауы атау септігінде беріледі, МНН, ол болмаған жағдайда - дәрілік препараттың әсер етуші затының құрамы, содан кейін дәрілік нысанның атауы, дозалануы (концентрация) көрсетіледі. Дозалау (концентрация) бір әсер етуші затымен дәрілік препаратқа, оның тауарлық атауы халықаралық патенттелмеген атауға сәйкес болса көрсетіледі.

81. Келесі бетте титульдік беттен кейін химиялық атауы, құрылымдық және эмпириалдық формуласы, салыстырмалы молекулалық массасы (бір әсерлік заты бар дәрілік препаратқа) осы Ереженің 41 - 51 -тармақтарына сәйкес көрсетіледі, мөлшерлік және сапалық құрамы әсер етуші тізбесі және қосалқы заттар түрінде тиісті нормативтік құжатқа сүйене отырып көрсетіледі.

Қосалқы заттар құрамына сонымен қатар таблеткалар мен капсулалардың қабығы келтіріледі.

Гомеопатиялық препараттардың әсер етуші және қосалқы заттарын латын тілінде көрсетуге болады.

82. Сонымен қатар гомеопатиялық дәрілік препарат сапасының спецификациясы, табиғатпен және затқа кіретін физикалық-химиялық құрамымен және дәрілік нысанының ерекшеліктерімен анықталуы тиіс.

83. Әсер етуші заттың мөлшері төмендегі есебінен алынады:

1) тұнбаға, сұйық экстракттарға, сироптарға, ерітінділерге, иіс суларға, спирттерге - грамда - 100 миллилитрге, 100 грамға, 1 литрге немесе 1 килограмға.

2) таблеткаларға, капсулаларға, суппозиторийлерге және басқа да қатты және жұмсақ дозаланған дәрілік нысандарға дәрілік нысанының (бір таблетка, бір капсула, бір суппозиторий және басқа) бірлігіне грамда (миллиграмда);

3) тамшыларға - грамда (миллиграмда) 1 мл-ге, 100 миллилитрге немесе қаптау бірлігінің көлеміне;

4) парентеральды дәрілік нысандарға - грамда (миллиграмда) - 1 миллилитрге, 1 литр немесе қаптау бірлігінің көлеміне.

84. "Сипаттама" бөлімі осы Ереженің 53 және 54 -тармақтарына сәйкес жазылады.

85. "Сәйкестендіру" бөлімі осы Ереженің 56 -тармағына сәйкес жазылады.

86. "Ыдырау" бөлімінде таблетка немесе капсуланың сұйық ортада толық ыдырау уақыты көрсетіледі.

87. "Еру" бөлімі қатты дозаланған дәрілік нысандарға (таблеткаларға, капсулаларға және суппозиторийлерге) енгізіледі. Сынау әдісі ҚР МФ бабына сәйкес өткізіледі, бұл ретте сынақты орындаудың шарттары беріледі:

1) қолдану аспабының түрі (егер ағымды кювет құралы қолданса, онда ағымды кюветтің түрі көрсетілуі тиіс);

2) еру ортасының құрамы, көлемі және температурасы;

3) еру ортасының айналу жылдамдығы немесе ағу жылдамдығы;

4) сынамаларды таңдап алу әдісі мен уақыты, сынама көлемі немесе үздіксіз бақылау шарттары;

5) талдау әдістемесі;

6) еру жылдамдығы (көрсетілген уақыттағы дәрілік нысан бірлігінен ерітіндіге көшкен әсер етуші заттың мөлшері).

88. "Еру уақыты" бөлімі құрғақ дәрілік препараттарды ерітінді түрінде парентеральды қолдануға енгізіледі.

89. "Мөлдірлігі" және "Түсі" бөлімдері осы Ереженің 58 -тармағына сәйкес көрсетіледі.

90. "рН", "Қышқылдық немесе сілтілік" осы Ереженің 59 -тармағына сәйкес көрсетіледі.

91. "Құрғақ қалдық", "Құрамында спирті бар", "Құрамында гистамин тәрізді әсері бар зат", "Қайнау температурасы", "Тығыздығы", "Сыну көрсеткіші", "Айналу бұрышы", "Тұтқырлық", "Су", "Ауыр металдар" және "Механикалық

қосу" анықталатын мөлшердің жоғарғы және төменгі шектерінің ауытқуларын тиісті өлшем бірлігінде көрсетеді.

92. "Ұқсас қоспалар" бөлімі осы Ереженің 61 -тармағына сәйкес жазылған.

Табиғи дәрілік шикізаттан дайындалған дәрілік препараттарға, дәрумендерге, көпкомпоненті препараттарға және гомеопатиялық препараттарға осы бөлім енгізілмейді.

93. "Пирогендер", "Аномальды уыттылық", "Құрамында гистамин тәрізді әсері бар зат", "Бактериальды эндотоксиндер", "Зарарсыздану" бөлімдері осы Ереженің 68 , 69 , 70 -тармақтарына сәйкес жазылған.

94. "Алынатын көлем" бөлімінде парентеральды дәрілік заттарға ҚР МФ жалпы құжатына сүйене отырып, бірінші қаптаманың номинальды толтыру көлемі көрсетіледі.

95. "Құрамының біркелкілігі" бөлімінде дозаланған препараттар бірлігінде (таблеткада, капсулада, суппозиторийлерде және басқада) әсер етуші зат құрамының ауытқу шегі белгіленеді.

96. "Мөлшерлік анықтау" бөлімінде дәрілік препараттағы әсер етуші заттың мөлшерін анықтау әдістемесін сипаттау және дәрілік препаратта оның құрамының ауытқу нормалары келтіріледі. Әсер етуші зат құрамының ауытқу нормасы масса бірлігінде (грамдар, миллиграмдар, микрограмдар), массалық үлестер (пайыз) немесе белсенділігі (әсер етуші бірлігі) әсер етуші заттың массалық бірлігінде көрсетіледі. Ауытқу нормалары дозаланған дәрілік препараттарға дәрілік нысанның масса бірлігіне және парентеральды қолдану ерітінділеріне 1 миллилитрге (1 литр) немесе қапталған бірлікке шақталып есептеледі.

97. "Қаптау" бөлімі осы Ереженің 72 -тармағына сәйкес беріледі. Бөлімге қосымша Дәрілік затты медициналық қолдану туралы нұсқаулығының мемлекеттік және орыс тілдерінде қаптамаға салынуы туралы нұсқауы қосылады.

98. "Таңбалау" бөлімі осы Ереженің 73 -тармағына сәйкес ресімделеді. Таңбалау мазмұны Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес болуы тиіс.

99. "Фармакологиялық әсері" бөлімінде дәрілік препараттың негізгі фармакологиялық әсері келтіріледі.

100. Қалған бөлімдер дәрілік препараттарға ТНҚ (УТНҚ) осы Ереженің 3-тарауында келтірілген аттас бөлімдерге сәйкес толық көрсетілген.

5. Дәрілік өсімдік шикізатына ТНҚ (УТНҚ) құрастыру тәртібі

101. Дәрілік өсімдік шикізатқа (бүтін, ұсақталған, кесіліп-нығыздалған, гранулалы және тағы басқа) ТНҚ (УТНҚ) титульдік және соңғы беті осы Ереженің 6-қосымшасына сәйкес ресімделеді.

102. Титульдік бетте мынадай ретте:

1) өсімдіктер мен ұрық өндіруші дәрілік өсімдік шикізатының латын, мемлекеттік және орыс тілдеріндегі атауы;

2) қолдану аймағы;

3) тұтас шикізатқа арналған жинау уақыты (вегетация фазасы);

4) нысаны (жинау, брикет, пакеттер, шай) көрсетіледі.

103. Дәрілік өсімдік шикізат атауы көпше түрінде (жапырақтар, тамырлар, тамыршалар, ұрықтар) келтіріледі.

Оралған дәрілік өсімдік шикізат атауында бірінші өндіруші өсімдік атауы ілік септігінде, содан кейін дәрілік нысанның атауы атау септігінде көрсетіледі (брикет, пакет, шай). Дәрілік жинаққа АНҚ (УАНҚ) құрастыру кезінде - құрамына кіретін дәрілік өсімдіктер көрсетіледі.

Дәрілік өсімдік шикізатына сапасының спецификациясы табиғи және шикізаттың ерекшеліктерімен, сонымен бірге компоненттердің физика-химиялық сипатымен анықталуы тиіс.

